

8 сыныпқа арналған 0-дік срез

1. 1. Физикалық географияның зерттеу нысанын атаңыз.
А) жер бедері
В) өнеркәсіп
С) халық
D) көлік
Е) шаруашылық [1]
2. Мұхиттық жер қыртысы қандай тау жыныстары қабаттарынан тұрады?
А) гранит және базальт
В) гранит және шөгінді жыныстар
С) базальт және гнейс
D) әктас және гранит
Е) базальт және шөгінді жыныстар [1]
3. Литосфералық тақталар қандай соқтығысу аймағында пайда болады?
А) қалқандар
В) жазықтар
С) ойпаттар
D) таулар
Е) платформалар [1]
4. Тропосферадан жоғары 50 км биіктікке созылатын атмосфера қабатын атаңыз.
А) экзосфера
В) тропосфера
С) стратосфера
D) мезосфера
Е) термосфера [1]
5. Тропосфераның белгілі бір жердегі қысқа мерзімдік жай күйін атаңыз.
А) климат
В) ауа райы
С) атмосфералық қысым
D) ауа температурасы
Е) атмосфералық құбылыс [1]
6. Құрлық суына жатпайтын нысанды көрсетіңіз.
А) атмосферадағы су буы
В) өзендер
С) мұздық
D) көл
Е) жер асты сулары [1]
7. Суының қасиеті, жануарлар дүниесі ерекше болып келетін мұхит бөлігін белгілеңіз.
А) шұңғыма
В) шығанақ
С) бұғаз
D) арал
Е) теңіз [1]

8. Тиісті бағанға белгі қою арқылы географиялық нысандарды, оны зерттейтін географиялық ғылым саласына сәйкестендіріңіз.

Географиялық нысан	Физикалық география	Экономикалық география
таулар		
халық		
қалалар		
өзендер		

[4]

9. Суретте атмосфераның қабаттары көрсетілген.
а. Бос тор көзге атмосфера қабатының атауын жазыңыз.


[1]



- б. Бұл қабаттың ерекшелігін сипаттаңыз.


[1]

10. Кестеде берілген тілдік семьяға Қазақстан халықтарына кіретін ұлт атауларымен толықтырыңыз.



[2]

11. Топырақтың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтаңыз.



[2]

12. Берілген мемлекеттерді географиялық орнына байланысты топтастырыңыз:
Қазақстан, Индонезия, Үндістан, Мадагаскар, Жапония, Испания, Австралия.

Құрлықтық	Аралдық	Түбектік	Архипелаг-елдер

[4]

21 балл